

ISSN 2616-678X

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

# ХАБАРШЫСЫ

---

**ВЕСТНИК**

Евразийского национального  
университета имени Л.Н. Гумилева

**BULLETIN**

of the L.N. Gumilyov  
Eurasian National University

**ФИЛОЛОГИЯ** сериясы

Серия **ФИЛОЛОГИЯ**

**PHILOLOGY** Series

**№3 (124) / 2018**

1995 жылдан бастап шығады

Издается с 1995 года

Founded in 1995

Жылына 4 рет шығады

Выходит 4 раза в год

Published 4 times a year

Астана, 2018

Astana, 2018

---

---

Бас редакторы **Дихан Қамзабекұлы**  
*филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)*

Бас редактордың орынбасары **Шолпан Жарқынбекова**  
*филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)*

**Редакция алқасы**

Аскер оғлы Рамиз	Ф.ғ.д., проф. (Әзербайжан)
Ақматалиев Абдылдажан	Ф.ғ.д., проф. (Қырғызстан)
Бахтикиреева Улданай	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Беженару Людмила	Ф.ғ.д. проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргүл	Ф.ғ.к., (Қазақстан)
Біжкенова Айгүл	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жақыпов Жантас	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Журавлева Евгения	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жаң Динжиң	PhD, проф. (Қытай)
Ескеева Мағрипа	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Ержласун Гүлжанат	PhD, ассос. проф. (Түркия)
Қасқабасов Сейіт	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Негимов Серік	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нұрғали Қадиша	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нуриева Фануза	Ф.ғ.д., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	Ф.ғ.д., проф. (Германия)
Рахманов Носимхан	Ф.ғ.д., проф. (Өзбекстан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (АҚШ)
Сәтенова Серікгүл	Ф.ғ.д. проф. (Қазақстан)
Султанов Казбек	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Тәжібаева Сәуле	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хисамитдинова Фирдаус	Ф.ғ.д., проф. (РФ, Башқұртстан)
Чернявская Валерия	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Шәріп Амантай	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Шәріпова Гүлбану	Ф.ғ.к., қауымд. проф. (Қазақстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Түркия)
Янковский Генрих	PhD, проф. (Польша)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Сатпаев к-сі, 2, 408 б.

Тел.: (7172) 709-500 (ішкі 31413)

E-mail: vest\_phil@enu.kz

Жауапты редактор, компьютерде беттеген Құрманғалиев Ілияс

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы**  
Меншіктенуші: ҚР БЖҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК  
ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27.03.2018 ж. №16996-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.  
Мерзімділігі: жылына 4 рет.  
Тиражы: 35 дана  
Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі, 12/1, тел.: (7172)709-500 (ішкі 31413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

---

---

Editor-in-Chief **Dihan Kamzabekuly**  
*Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)*

Deputy Editor-in-Chief **Zharkynbekova Sholpan**  
*Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)*

**Editorial board**

Asker ogly Ramiz	Doctor of philology, Prof. (Azerbaijan)
Akmataliyev Abdildajan	Doctor of philology, Prof. (Kyrgyzstan)
Bakhtikireeva Uldanai	Doctor of philology, Prof (Russia)
Beisembayeva Zhanargul	Can. of philology, (Kazakhstan)
Bezhenaru Lyudmila	Doctor of philology, Prof (Romania)
Bizhkenova Aigul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Chernyavskaya Valeriya	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Erzhiasun Güljanat	PhD, assos. Prof (Turkey)
Yeskeyeva Magripa	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Henryk Jankowski	PhD, Prof. (Poland)
Kaskabassov Seit	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Khisamitdinova Firdaus	Doctor of philology, Prof. (RF, Bashkortostan)
Metin Ekiji	PhD, Prof. (Turkey)
Negimov Serik	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurgali Kadisha	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurieva Fanuza	Doctor of philology, Prof. (RF, Tatarstan)
Reichl Karl	Doctor of philology, Prof. (Germany)
Rakhmanov Nasimhon	Doctor of philology, Prof. (Uzbekistan)
Rivers William Patrick	PhD, Prof. (USA)
Satenova Serikkul	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Sultanov Kazbek	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Sharip Amantay	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Sharipova Gulbanu	Can. of philology, assos. Prof. (Kazakhstan)
Tazhybayeva Saule	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhakypov Zhantas	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhang Dingjing	PhD, Prof. (China)
Zhuravleva Yevgeniya	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial address: 2, Satpayev str., of.408, Astana, Kazakhstan, 010008  
Tel.: (7172) 709-500 (ext. 31413)  
E-mail: vest\_phil@enu.kz

Executive editor, computer layout: Ilyas Kurmangalyev

**Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University PHILOLOGY Series**

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan. Registration certificate No 16996-Ж from 27.03.2018

Periodicity: 4 times a year Circulation: 35 copies

Address of printing house: 12/1 Kazhimukan str., Astana, Kazakhstan 010008; tel.: (7172) 709-500 (ext.31413)

© L.N. Gumilyov Eurasian National University

---

---

Главный редактор **Дихан Камзабекулы**  
*доктор филологических наук, проф. (Казахстан)*

Зам. главного редактора **Шолпан Жаркынбекова**  
*доктор филологических наук, проф. (Казахстан)*

**Редакционная коллегия**

Аскероглы Рамиз	д.ф.н., проф. (Азербайджан)
Акматалиев Абдылдажан	д.ф.н., проф. (Киргизстан)
Бахтикиреева Улданай	д.ф.н., проф. (Россия)
Беженару Людмила	д.ф.н., проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргуль	к.ф.н., (Казахстан)
Бижкенова Айгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жакыпов Жантас	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жан Динжин	PhD, проф. (Китай)
Журавлева Евгения	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ескеева Магрипа	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ержласун Гульжанат	PhD, ассос. проф. (Турция)
Каскабасов Сейит	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Негимов Серик	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нургали Кадиша	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нуриева Фануза	д.ф.н., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	д.ф.н., проф. (Германия)
Рахманов Насимхон	д.ф.н., проф. (Узбекистан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (США)
Сатенова Серикгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Султанов Казбек	д.ф.н., проф. (Россия)
Тажибаева Сауле	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Хисамитдинова Фирдаус	д.ф.н., проф. (РФ, Башкортостан)
Чернявская Валерия	д.ф.н., проф. (Россия)
Шарип Амантай	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Шарипова Гульбану	к.ф.н., ассос. проф. (Казахстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Турция)
Янковский Хенрих	PhD, проф. (Польша)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Сатпаева, 2, каб. 408

Тел.: (7172) 709-500 (вн. 31413)

E-mail: vest\_phil@enu.kz

Ответственный редактор, компьютерная верстка Ильяс Курмангалиев

**Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ФИЛОЛОГИЯ**

Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК  
Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16996-Ж от 27.03.2018г.

Периодичность: 4 раза в год

Тираж: 35 экземпляров

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажимукана, 12/1, тел.: (7172)709-500 (вн.31413)

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

---

---

## Мазмұны

<i>Акбаров А.</i> Шет тілдерін оқыту саясатына қатысты әлеуметтік-мәдени факторлар: Босния мен Герцеговинаның тақырыптық зерттеулері .....	8
<i>Атанасова С.</i> Шағын аймақтағы «жаһандық ландшафтар»: Велико-Тырноводағы қоғамдық жазбалардың лингвистикалық суреті .....	17
<i>Бейсембаева Ж.А., Барямова Р.К.</i> Шет тілді оқытуда жаңа технологияларды пайдалану .....	29
<i>Дюсекенева И.М., Дюсекенев Д.Н.</i> Этномәдени деталь мәселесі орайында .....	39
<i>Каженова М.М., Жусупова Р.Ф.</i> Оқу үдерісіне жаңа технологияларды енгізу .....	46
<i>Шарипова М.К., Жанзақова Г.З.</i> Аударма - тіларалық және мәдениетаралық қарым-қатынас құралы .....	52
<i>Тәжібаева С.Ж., Невская И.А., Мүтәлі А.К., Қадысқызы А.</i> Қытайда қазақ тілінің қолданылуы: мәселелер мен зерттеу перспективалары .....	59
<i>Байбек А.К.</i> Біржан сал – Арқа ән дәстүрінің көрнекті өкілі .....	69
<i>Бескемер А.</i> Көркем мәтінді аудару және түсіну: барабарлықтың өлшемшарты .....	81
<i>Мухамед Абдо Д.</i> Жауынгер-әйел тақырыбы (Б. Васильевтің «А зори здесь тихие» повесі бойынша) .....	88
<i>Дүйсекова К.К., Габдулина А.К.</i> Қазақ және қытай тілдеріндегі метафоралардың ерекшеліктері .....	98
<i>Дүйсенгазы С.</i> Қазақ-қырғыз айтыс өнеріндегі ортақ мұрат .....	109
<i>Жақыпов Ж.А., Догдырбай А.</i> Фольклорлық жанрлар мәтінінің бастапқы және аяққы шендері .....	116
<i>Жұмағұлов С.Б.</i> Ақын Сәбит Дөнентайұлының мысал өлеңдері .....	128
<i>Қоңыратбаева Ж.М.</i> Әлемнің мәдени бейнесіндегі Шығыс және Батыс кеңістігі (лингвомәдениеттанымдық тәжірибе) .....	135
<i>Мурсалимова Г.А., Еділбаев Б.А.</i> Анимация өнерін зерттеудің теориялық - әдіснамалық аспектілері .....	149
<i>Мырзаханов Т.А.</i> Ағылшынның қаржы және экономикалық метафораларын аударудағы лингвомәдениеттанудың қырлары .....	157
<i>Нұрахметов Е.Н., Наралиева А.А.</i> Қазақ, ағылшын, неміс сөйлеу тіліндегі гендерлік ерекшеліктер .....	169
<i>Сүйінова Г.С.</i> Қалалық бірегейліктің урбонимикондағы көрінісі .....	177
<i>Сұлтанбекова С.А.</i> Неміс тіліндегі аффиксті жаңа мағыналы туынды сөздердің прагматикалық аспектілері .....	185
<i>Шаймердинова Н.Г., Жиёмбай Б.С., Жиёмбаева Г.Т.</i> Армян-қыпшақ ескерткіштеріндегі есім сөз таптарының жалпы сипаты .....	192
<b>Мақаланы рәсімдеу үлгісі</b> .....	204

---

---

## Contents

<i>Akbarov A.</i> Socio-Cultural Factors Involved in the Foreign Language Teaching Policy: Case Study of Bosnia and Herzegovina .....	8
<i>Atanassova S.</i> «Global Landscapes» in Small Places: the Linguistic Picture behind the Public Inscriptions in Veliko Turnovo .....	17
<i>Beisembayeva Zh.A., Baryamova R.K.</i> The use of Technologies for Foreign Language Teaching .....	29
<i>Dyussekeneva I.M., Dyussekenev D.N.</i> To the Problem of Ethnocultural Detail .....	39
<i>Kazhenova M.M., Zhussupova R.F.</i> Integrating new Technologies into Curriculum ....	46
<i>Sharipova M.K., Zhanzakova G.Z.</i> Translation as a Tool for Interlingual Communication .....	52
<i>Tazhibayeva S.Zh., Nevskaya I.A., Mutali A.K., Kadyskyzy A.</i> Kazakh Language as Spoken in China: Problems and Research Perspectives .....	59
<i>Baibek A.K.</i> Birzhan Sal – outstanding representative of the singing tradition of Sary-Arka .....	69
<i>Beskemer A.</i> Translation and Interpretation of Literary Text: Equivalence Criteria .....	81
<i>Dina Mohamed Abdo</i> The Theme of a Female Militant (on the Material of B. Vasilyev's Novel «The Dawns Here Are Quiet»).....	88
<i>Duysekova K.K., Gabdulina A.K.</i> Peculiarities of Kazakh and Chinese Metaphors .....	98
<i>Duysengazy S.</i> Commonalty of ideo in Kazakh-Kyrgyz Aityys .....	109
<i>Zhakupov Zh.A., Dogdyrbai A.</i> Initial and Final Positions of the Text of Folklore Genres .....	116
<i>Zhumagulov S.B.</i> Fables of the Poet Sabit Donentayuly .....	128
<i>Konyratbayeva Zh.M.</i> East and West Space in the Cultural Picture of the World (Linguocultural Experiment) .....	135
<i>Mursalimova G.A., Edilbayev B.</i> Theoretical and Methodological aspects of Animation Art .....	149
<i>Myrzakhanov T.A.</i> Lingual and Cultural Aspects of Translation of Metaphors in Financial and Economic Discourse .....	157
<i>Nurakhmetov E.N., Naraliyeva A.A.</i> Gender features of oral speech in the Kazakh, English and German languages .....	169
<i>Suynova G. S.</i> On Representation of Urban Identification in the System of Urbonyms .....	177
<i>Sultanbekova S.A.</i> Pragmatic Aspects of New Affixal Derivatives of the German Language .....	185
<i>Shaymerdinova N.G., Zhiyembay B.S., Zhiyembayeva G.T.</i> General characteristics of the nominal parts of speech in the Armenian-Kypchak monuments .....	192
<b>Template</b> .....	206

---

---

## Содержание

<i>Акбаров А.</i> Социально-культурные факторы, связанные с политикой преподавания иностранного языка: тематическое исследование Боснии и Герцеговины .....	8
<i>Атанасова С.</i> «Глобальные ландшафты» в малых пространствах: лингвистическая картина за публичными надписями Велико-Тырново .....	17
<i>Бейсембаева Ж.А., Барямова Р.К.</i> Использование современных технологий в преподавании иностранных языков .....	29
<i>Дюсекенева И.М., Дюсекенев Д.Н.</i> К проблеме этнокультурных деталей .....	39
<i>Каженова М.М., Жусупова Р.Ф.</i> Интеграция новых технологий в учебном процессе .....	46
<i>Шарипова М.К., Жанзакова Г.З.</i> Перевод как инструмент межъязыковой и межкультурной коммуникации .....	52
<i>Тажиббаева С.Ж., И.А. Невская, Мутали А.К., Кадыскызы А.</i> Функционирование казахского языка в Китае: проблемы и перспективы исследования .....	59
<i>Байбек А.К.</i> Біржан сал – выдающийся представитель песенной традиции Сары-Арки .....	69
<i>Бескемер А.</i> Перевод и интерпретация художественного текста: критерии эквивалентности .....	81
<i>Мухамед Абдо Д.</i> Тема женщины-бойца (на материале повести Б. Васильева «А зори здесь тихие») .....	88
<i>Дуйсекова К.К., Габдулина А.К.</i> Особенности казахских и китайских метафор .....	98
<i>Дуйсенгазы С.</i> Общность идей в казахско-кыргызских айтысах .....	109
<i>Жакупов Ж.А., Догдырбай А.</i> Начальная и конечная позиции текста жанров фольклора .....	116
<i>Жумагулов С.Б.</i> Басни поэта Сабита Донентайулы .....	128
<i>Коныратбаева Ж.М.</i> Пространство Восток и Запад в культурной картине мира (лингвокультурологический эксперимент) .....	135
<i>Мурсалимова Г.А., Едильбаев Б.</i> Теоретические и методологические аспекты анимационного искусства .....	149
<i>Мырзаханов Т.А.</i> Лингвокультурологические аспекты перевода метафор англоязычного финансово-экономического дискурса .....	157
<i>Нурахметов Е.Н., Наралиева А.А.</i> Гендерные особенности устной речи казахского, английского и немецкого языков .....	169
<i>Суюнова Г.С.</i> Об отражении городской идентичности в урбонимиконе .....	177
<i>Султанбекова С.А.</i> Прагматические аспекты новых аффиксальных дериватов немецкого языка .....	185
<i>Шаймердинова Н.Г., Жиёмбай Б.С., Жиёмбаева Г.Т.</i> Общая характеристика именных частей речи в армяно-кыпчакских памятниках .....	192
<b>Образец оформления статьи</b> .....	208

XFTAP 17.71.91

### С. Дүйсенғазы

*Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан*

#### Қазақ-қырғыз айтыс өнеріндегі ортақ мұрат

**Аңдатпа.** Бұл мақалада дәстүрі мен мәдениеті ұқсас қазақ пен қырғыз халқына ортақ айтыс өнерінің ерекшеліктері айтылады. Екі ел ақындарының арасында өткен белгілі айтыстардың көркемдігі таразыланып, тарихи деректері зерттеуші ғалымдардың пікірі арқылы байыпталады. Екі ел арасындағы бастылары - қазақ ақыны Сүйінбай мен қырғыз ақыны Қатағаның, қазақ ақыны Сарбас пен қырғыз ақыны Қалмырзаның және қазақ ақыны Қаңтарбай мен қырғыз ақыны Арыстанбектің айтыстары бар. Сонымен қатар, кейбір айтыс зерттеушілері екеуі бір адам деп жүрген Қатаған мен Арыстанбектің Сүйінбаймен айтыстары талданып, екі айтыстың ерекшеліктері мен ұқсастықтарына көркемдік тұрғыдан баға беріледі.

Өткен ғасырлардағы айтыстарда көбінде көршілес екі елдің ынтымағы мен татулығы, бірлік-берекесі жырланатыны және кей тұстарда екі елдің кемшін тұстары да ақындардың тілімен айтылататыны нақты мысалдармен көрсетіледі. Мақалада Кеңес дәуіріндегі айтыстар мен тәуелсіздік жалдарындағы айтыстардағы қазақ-қырғыз ақындарының елдік мұратқа қосқан үлестері баяндалады.

**Түйін сөздер:** айтыс, ұлттық дәстүр, ұлттық ментальдік таным, ұлттық ұқсастықтар мен ерекшеліктер.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2018-124-3-109-116>

**Кіріспе.** Қазақ үшін салт-дәстүрі мен ұлттық мәдениеті, өмір сүру жоралғысы, тіпті тағдыр талайына дейін ұқсас қырғыздан жақын ел жоқ. Қазіргі технология дамыған заманда жоғалмай сақталған ауыз әдебиетінің баға жетпес үлгісіне айналған айтыс өнері екі халықтың ортақ мұрасы болып табылады.

Алайда, жекелеген ақындардың шығармашылығын немесе айтыстарын зерттеген еңбектер болмаса, қазақ-қырғыз айтысының тарихын тұтастай кешенді түрде зерттеу жоқтың қасы деуге болады. Тек қазақ-қырғыз ақындарын «Зар заман» әдебиеті тұрғысынан қарастырған Бауыржан Омарұлының «Зар заман әдебиеті» (2005) зерттеуі мен қырғыз ғалымы Батма Кебекованың «Қырғыз, қазақ ақындар шығармашылығының байланысы» (1985) еңбегінде ғана біраз дүние қамтылған.

Қазақ пен қырғыз ақындар айтысының тамыры тереңде жатыр. Әсіресе, «төсекте басы, төскейде малы қосылған» Жетісу өңірінің ақындары қырғыздармен жиі араласып, Алатаудың күнгеі бетіндегі ас-тойларға жиірек ат шалдырып тұратын болған. Біздің айтыс тарихынан білетініміз, Жетісу ақындары Сүйінбай, Сарбас, Майкөт, Бактыбай, Құлмамбет, Қаңтарбай, Майлықожа, Жамбыл, Үмбетәлі, Кенен, т.б. ақындар қырғыз жеріндегі астарға барып, жиі айтысқа түсіп отырған. Қырғыз ақындарының қазақ жеріне келіп айтысқаны туралы да деректер аз емес. Мәселен, Сүйінбай мен Қатағанның, Сүйінбай мен Арыстанбектің, Қаңтарбай мен Арыстанбектің, Сарбас пен Қалмырзаның, Жамбыл мен Балықтың, Жамбыл мен Молда Бағыштың т.б. сөз қағысулары сөзімізге дәлел. Бұл айтыстардың көбінде көршілес екі елдің ынтымағы мен татулығы, бірлік-берекесі жырланады. Қазақ пен қырғызды «екі өркеші түйенің, екі емшегі биенің» деген тіркестер сол айтыстардың үстінде айтылған еді. Негізінен, қазақ пен қырғыз арасындағы айтыстардың мәтіндері көлемді емес, дені қысқа қайырылады. Екі жақтың ел ағаларының шешімі нәтижесінде ерте аяқталып отырған. Ондай айтыстарға Сүйінбай мен Арыстанбектің, Қаңтарбай мен Арыстанбектің айтыстарын жатқызуға болады. Айтыс ауызша жаралып, ауызша таралатын өнер болғандықтан кейбірінің мәтіні өзгеріске түсіп, бізге толық жетпеуі де бек мүмкін.



**Тақырыптың өзектілігі.** Айтыс сөз барымтасы болған соң көршілес елдер арасындағы дау-дамай да, алыс-беріс наразылықтары да айтылмай тұрмайды. Әсіресе, XIX ғасырдағы ақындардың арасындағы айтыстарда Кенесары хан мен Наурызбай сұлтанның қырғыз жеріне жасаған жорығы кезіндегі тарихи жағдайларды көбірек тілге тиек етеді. Бұл даулы әңгіме екі ел ақындары айтысында әлі күнге дейін айтылып келеді. 2011 жылы Қазақстан тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай Астанада өткен айтыста Ринат Зайытов пен қырғыз ақыны Аалы Тұтқышевтің арасындағы айтыста да осы мәселе сөз болды.

**Мәселенің зерттелу тарихы.** Қазақ пен қырғыз айтысы туралы сөз қозғалғанда әуелі ауызға ілігетіні Сүйінбай мен Қатағанның айтысы. Әдебиеттанушы Бекен Ыбырайым бұл айтысты алғаш 1935 жылы жеке кітап етіп құрастырып, көпшілікке жариялаған Ілияс Жансүгіров пен Фатима Ғабитова деген дерек келтіреді. Осы кітаптағы айтысқа байланысты І.Жансүгіровтің пікірінде: «Сүйінбайды Жетісудың қазақ, қырғызы біледі. Әсіресе, оның Қатағанмен айтысы жалпақ елге тым көп тараған өлең. Мұны әр ақын әртүрлі қылып айтады. Қазақ ақыны айтса, Сүйінбайды жеңдіреді, қырғыз ыршысы айтса Арыстанбайға (Қатағанға) жеңдіреді», – дейді. І.Жансүгіровтің осы кітабы жарық көргеннен кейін айтыстың бірнеше нұсқасы жырлаушылардың аузынан жазылып алынды. Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университетіндегі «Жамбылтану» орталығы 2014 жылы «Ақындар аманаты» сериясымен кітап қылып шығарған нұсқасын 1937 жылы Ө.Қарғабайұлы деген азамат жыр алыбы Жамбылдың аузынан жазып алыпты. Олардың арасында айырмашылық көп. Ол арнайы жеке зерттеуді талап етеді.

Бұл айтыстың қазір халық арасына кең тарап жүргені жыршы Ақан Әбдуәлиевтің айтуындағы нұсқасы. Айтыстың бұл нұсқасында әуелгіде Қатағанның тілі өткір, сөзі шымыр, айтқаны мірдің оғындай болып көрінеді. Тілінен небір метафоралар, теңеулер, кестелі тіркестер кесек-кесегімен төгіледі. Бірақ кезегін алып сілкіне сөйлеген Сүйінбайдың десі басым болады. Қатағанның әр сөзіне тапқыр уәж тауып, бұлтартпас жауабымен тұқыртып тастайды. Қырғыз нұсқалары қолымызда жоқ болғанымен, бізге мәлім қазақ нұсқаларында Сүйінбай қазақтың тоқсанға жуық ру атауларын, олардың бірлігі мен берекесін ту етіп көтереді. Қырғыздың көптігін айтып мақтанған Қатағанға қазақтың әр руының ерекшелігін айта отырып ойсырата соққы береді. Айтыс бір кезекпен ғана тоқтатылған. Қатаған Сүйінбайға жауап бергісі келсе де қырғыз манаптарының өзі ақындарының жеңілгендігін мойындап, «ат төбеліндей қырғыз аттың түгіндей қазақтан» ешқашан көп болмағанын айтып уәжге тоқтайды. Сүйінбайдың ат-шапан айыбын төлеп, құрметтеп шығарып салады.

Қатаған ақынның тұлғасы жайында екі ел ғалымдарының арасында әлі күнге пікір қайшылықтары бар. Сүйінбай шығармашылығын зерттеген қазақ ғалымы Мүбәрәк Үмбетәев Қатаған деген ақынның болмағанын, ол атақты «Зар заман» ақыны Арыстанбек Бұйлашұлының руының атауы екенін, кейде жұрт оны руының атымен атай беретінін алға тартады. Жоғарыда жазғанымыздай, Ілияс Жансүгіров те Сүйінбаймен айтысқан Арыстанбай деуі де тегін болмаса керек. Біздің қолдағы мәтінге қарап отырсақ, олай деуінің де негізі бар сияқты. Қатаған-ыршы айтыс үстінде:

Менің атым Қатаған,  
Қоңырбөрік асында,  
Бес жүз жылқы матағам!  
Сүйінбай тәуір ақын деп,  
Мұның несін атаған?!  
Құс мойынды, қоян жон,  
Тұлпардан туғам жатаған.  
Айтысам деп менімен,  
Бай-мырзанды құса ғып,  
Өлтіріп алма қападан! – дейді.

Қоңырбөрік қазақтың қырғызбен іргелес жатқан Албан тармағына кіретін ру атауы. Ал матаған деген сөз байлаған деген сөздің синонимі екені түсінікті. Сондықтан бұл жерде ақын менің руым Қатаған деуі де мүмкін ғой. Бір ақынның бүкіл Қоңырбөрік елінің асына бес жүз жылқы байлағаны да сәл күмән тудырады. Ауызша жеткен айтыстың мәтінінде кейін «менің атым» болып өзгеріп кетуі де ғажап емес. Оның үстіне Сүйінбай да айтыс үстінде Қатағанның кедейлігін бетіне басады:

Әрнәрсені бір сөйлеп,  
Алжып аңға шыққанша,  
Үйде неге жатпайсың?!  
Байлығың сенің белгілі,  
Бұтыңды отқа қақтайсың,  
Жаздай егін айдайсың,  
Жалғыз бұзау байлайсың!  
Сүйінбай сынды ақынды,  
Жеңемін деп ойлайсың,  
Қарсы шапқан қырғиға,  
Ажалы жеткен торғайсың!

Өзі жалғыз бұзау байлап отырған сіңірі шыққан кедей ақын қалайша Қоңырбөріктің асына бес жүз матайды. Айтыстың кей нұсқаларында Қоңырбайдың асында деп айтылатынын да ескеруіміз керек. Бірақ өзі малсыз адамның қандай асқа да бес жүз жылқы байлай алмасы анық. Астанадағы бір айтыста қырғыздың Амантай Құтманалиев, Эльмирбек Иманалиев сияқты белгілі ақындарынан сұрағанымда, «Қатаған деген ақын өмірде болмаған». «Ол Арыстанбек болуы керек» деген жауап алдым. Бірақ олар Қатағанның жеңілгеніне намыстанып айтпай қоюы мүмкін ғой. Әрине, бұл біздің жеке азаматтық пікіріміз.

Ал қырғыз зерттеушісі Батма Кебекова Арыстанбек пен Қатағанның екі бөлек адам болғанын жазады. «Қырғыз, қазақ ақындар шығармашылығының байланысы» еңбегінде Қатаған ыршы жөнінде мәліметтің аздығын, айтыстағы фактілер бойынша дәлелдеудің өте қиын екенін айтады (37 бет). Ал 1824-1878 жылдары өмір сүрген қырғыз әдебиетінің көрнекті өкілі Арыстанбек Бұйлашұлы туралы дерек Қатағанға қарағанда молырақ кездеседі. Ол туралы зерттелген ғылыми еңбектер де жеткілікті.

Бұл айтыста Қатағанның Сүйінбайдың шамына тиетін ауыр сөздерінің бірі Кенесары мен Наурызбайға қатысты тұсы.

Әскер тартып барғанмын,  
Сөзімнің тапшы жалғанын,  
Әскер тартып барғанда,  
Өзімдікі болмап па ед,  
Қойныңдағы жарларың,  
Атқа да мінген нарларың!  
Кенесары төреңнің,  
Басын кесіп алғанмын,  
Наурызбайдай бегінді,  
Итіме сүйреп салғанмын!  
Заты жаман Сүйінбай,  
Кәне кегінді алғаның!  
Алам деп кегің жүргенде,  
Ішінде кетер арманың!

Мұндай ел намысына тиетін сөзге қай ақын болса да шамырқанады. Қатағанның үні қаттырақ шыққан өктем сөзіне берген Сүйінбайдың қарымта уәжі де көңілге қонымды. Тап бермеде тауып айтқан сөзінің өзі таудан аққан тасқындай төгіліп түседі.

Жаңадан сөзім жаңада,  
Мақтанып жүрсің Қатаған,  
Бес алты біткен танаға!  
Кенесары, Наурызбай,  
Қырғызды барып бес шауып,  
Келтірген аузын тобаға!  
Төрелерін кергілеп,  
Апарып тыққан молаға,  
Ол Құдайдың қазасы,  
Қазаға қарсы бола ма?!  
Заты жаман Қатаған,  
Маңайыма жолама!

Сүйінбайдың бұдан ары өршеленіп, төкпелетіп толғаған жырлары Қатаған түгіл қырғыз манаптарының да меселін қайтаратын, сүйектен өтетін кылыштай өткір уәждер еді. Сондықтан сөзге тоқтаған қырғыз ел ағалары сол жерде айтысты тоқтатқан. Сүйінбай сөзсіз жеңеді. Ақынды асқа ертіп барған Тезек төре мен Бөлтірік шешеннің, Сұраншы батырдың мерейі үстем болады.

Қазақ ақыны Сарбас пен қырғыз ыршысы Қалмырзаның арасындағы айтыстың сипаты жұмбақ айтысқа келеді. Сарбас Майкөтұлы 1846 -1914 жылдар аралығында Жетісу өңірінде өмір сүрген дүлдүл ақын болса, Қалмырза Сарпекұлы да ХІХ ғасырда күллі қырғыз халқын аузына қаратқан ақындардың бірі болған. Бішкектен 1994 жылы шыққан «Қырғыз ел ыршылары» атты еңбекте екі жақтың үлкендері ақындарға қазақ пен қырғыздың артықшылығы мен кемшілігін термеуді, жауға шапқан жеңістерін дабыра қылып айтпауды талап етіп қойғаны айтылады. Сонда Қалмырза ақын: «Ақындар оны айтпаса бір-бірін қалай жеңеді? Тым болмаса Сарбасқа бір сауал тастайын», – депті. Екі жақ бұл уәжге тоқтап, айтысты бастауға рұқсат береді. Содан кейін сөзді Қалмырза бастаған екен. Бұл кезең қазақ пен қырғыздың жерінде отаршылықтың әбден орныққан кезі болатын. Қырғыз ақыны соны мегзеп былай депті:

Алматының бауырында,  
Сары нар шөкті білдің бе?  
Ұзынағаш басына,  
Ақ сұңқар қонды білдің бе?  
Жүрер жолын болжалдап,  
Тұзақ құрды білдің бе?  
Иесіз жатқан көп жылқы,  
Бірін ұстап міндің бе?

Алатаудың күнгейі мен теріскейін жайлаған екі халықтың ақындары да отаршылардан келетін зауалды алдын ала сезіп жырларына арқау еткен еді. Сол «Зар заман» ақындарының қарсылық лебі осы айтыстан да сезіледі. Қалмырзаның астармен қойған сауалына Сарбас та саспай жауап береді:

Алматының баурына  
Сары нар шөкті дегенің,  
Балдұр-бұлдыр сөйлеген,  
Адам тілін білмеген,  
Шапанында жаға жоқ,  
Етігінде таға жоқ,  
Өңі сары, көзі көк,  
Адам білер сөзі жоқ,  
Қала салып көшпеген,  
Мына бір орыс болмасын.

Бұл жерде Сүйінбай мен Қатағанның айтысындағыдай ақындардың арасында бір-біріне өктемсу жоқ. Екі елдің ортақ мұнын бірге толғап, сыпайы жауаптасу ғана бар. Қалмырзаның мәдениетті қойған сауалдарына Сарбас та асып-таспай бірқалыпты жауап береді. Бұл айтыста да екі елдің ескі жарасы Кенесары мен Наурызбайдың оқиғасы айтылады. Бірақ тек қырғызды шапқан қазақ ханы ғана емес, қазаққа шапқан қырғыз манаптары да сөз болады. Қалмырза:

Оқ жыландай ысқырған,  
Беліне қылыш қыстырған,  
Төренің ұлын жанға алып,  
Төбені шапқан білдің бе?  
Ханның ұлын қасқа алып,  
Қабакты шапқан білдің бе? – деп жұмбақтаған сауалына Сарбас

салқынқанды ғана:

Оқ жыландай ысқырған,  
Беліне қылыш қыстырған,  
Төренің ұлын қоса ертіп,  
Төбені шапқан дегенің –  
Қазақтан шыққан Наурызбай,  
Кенесары болмасын!  
Ханның ұлын жанға алып,  
Қабакты шапқан дегенің –  
Қырғыздан шыққан Орман хан,  
Қарабек, Жантай болмасын! – деп уәж қайтарады.

Бұл жерде қырғыз ақыны Хан Кенені бүлікшіл етіп көрсеткісі келсе, қазақ ақыны ондай бүлікші өз елінде де бар ғой дегенді тұспалдайды. Себебі, қырғыздың XIX ғасырда өмір сүрген атақты ақыны Қалығұл Байұлының шығармаларында қырғыз манабы Орман ханның да жазықсыз елге жылатқан жөнсіз жорықтарын сынаған жолдар кездеседі. Қалмырза тағы бір сауалында «Екі аждаһа бір інге кірді білдің бе?» деген сауалына Сарбас «Екі аждаһа дегенің тату болып бір інге кірген қырғыз-қазақ болмасын!» деп жауап береді. Айтыста ары қарай қазақ пен қырғыздың би-шешендері, батырлары жұмбақ болып жасырылып оны Сарбас тап басып шешіп отырады. Айтыс осылайша достық ниетте аяқталады.

**Мәселенің талқылануы.** Сүйінбай мен Арыстанбектің айтысында да ел дауы, жер дауы сөз болады. Бұл айтыс қырғыз зерттеушісі Б.Кебекованың жазуынша, Сүйінбай мен Қатағанның айтысынан кейін болған. Сол айтыс өткен аста Арыстанбек те болған екен. Өзінен жасы да, жолы да үлкен Қатағанды алдыға салып, өзі айтысқа шықпапты. Бірақ Қатағанның жеңілгеніне намыстанып Сүйінбайдан есе қайтаруды ойлап жүрген екен. Екеуі екі-үш жылдан соң «Жеті өгіз» жерде жолығыпты. Бұл айтыста да Кенесары мен Наурызбай сөз болады. Арыстанбек:

Қырғызға қырғын салам деп,  
Абылай хан бізге жармасқан,

немесе: Кенесары, Наурызбайдың,

Қырғыздан жеткен қазасы,

- дегеніне Сүйінбай былайша жауап береді:

Абылайханның шабуылы,  
Талайдың қалған есінде.  
Кенесары, Наурызбай,  
Қырғыздардан өлді деп,  
Көки берме, есірме,  
Басың кетер кесімге!

Жалпы, Сүйінбай екі елдің ынтымағын, берекесін ойлап, Арыстанбекті бірлікке шақыра отырып айтысады. Бірақ Арыстанбектің ескі жараны тырнап айтқанына осылай жауап бермеске амалы жоқ еді. Ол қырғыз ақынына ол Алланың қазасы екенін, түбінде адамның бәрі өлетінін, өмірдің қысқа екенін еске салады. Айтыстың соңында екі елдің ақсақалдары ақындардың жырына бола татулыққа сызат түсетінін айтып, екі ақынды достыққа шақырады. Бәйгені екеуіне теңдей бөліп береді. Арыстанбек осыдан кейін Сүйінбаймен айтыспай, ол жайында керемет толғаулар шығарған ақын болыпты.

Бұл айтыстың көркемдік сипаты жоғары деуге болады. Ақындардың бір-біріне қайтарған уәждері небір айшықты тіркестерге, метафораларға, тенеулерге тұнып тұр.

Ал Қаңтарбай мен Арыстанбектің айтысында екі ақын отарлаушылардан көрген теperiштерін, замананың зарын айтып, тереңнен ой толғайды. Бұл айтыста екі елдің намысына тиетіндей сөздер жоқ. Арыстанбек сияқты қырғыздың даңқты ақынымен қазақ ақыны Қаңтарбай да аяғын тартып айтысқан секілді. Жинақтай айтқанда, XIX ғасырдағы қазақ-қырғыз айтысының қысқаша сипаты осындай. Әрине, қазақ-қырғыз айтысын толықтай талдау үшін бір мақаланың көлемі жетпейтіні анық.

Бұдан кейін Жамбыл мен Тоқтағұлдың, Кенен мен Османқұлдың сыйластығын тарихтан білеміз. Кененнің екі ұлы қаза тапқанда жоқтау жырын шығарған Османқұлдың мақамы бүгінгі қазақ ақындарының айтысында әлі қолданылып жүр. Ал Кеңес Одағы кезеңінде қырғыз төкпелері Естебес Тұрсыналиев, Әшірәлі Айталиев, Замирбек Үсенбаев, Туғанбай Әбдиевтердің қазақ жеріне келіп айтысқандарының талай куәсі болды. Қазақтың Есенқұл Жақыпбеков, Әзімбек Жанқұлиев, Ермек Жұматаев сынды ақындарының айтыстары аңыз болып айтылатынын қырғыз жеріне барғанда естідік. Отыз жасында өмірден өткен Оразалы Досбосыновтың қырғыз ақындарымен айтысы да тарихқа алтын әріптермен жазылатын өнер сайысы. Қырғыз «Айтыш» қоғамдық қоры президенті Садық Шернияз Оразалыны «қырғыз ақындарының киллері» дегенін Жүрсін Ерман жыр қылып айтады.

Қырғыздың Аалы Тұтқышев пен Азамат Болғанбаев деген ақындары өз елдерінде өткен бір айтыста қазақ халқының намысына тиетін ауыр сөздер айтыпты. Бұған елі ішінде біраз наразылық болды. Керісінше, қырғыздың белгілі ақыны Жеңісбек Жұмақадырдың екі елді ынтымаққа шақырған бейнежолдауы халық жадына жылылық ұялатты. Қазақ-қырғыз іргелес жатқан туысқан ел болғандықтан ақындары ел бірлігінің дәнекері болған.

